

"Университеттік білім беру жүйесінде болашақ әлеуметтік педагогтарды оқыту сапасын оқу-әдістемелік қамтамасыз етудің ғылыми негіздері" тақырыбындағы Кожабергенова Гаухар Есенбайқызының 6D012300 - Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесші

ПІКІРІ

1. Орындалған жұмыстың өзектілігі, оның заманауи ғылым мен тәжірибе үшін маңыздылығы. Жоғары педагогикалық білім беру жүйесінде болып жатқан түбегейлі өзгерістер жоғары оқу орнындағы оқу-әдістемелік қызметті ұйымдастыруға қойылатын талаптарды айтарлықтай арттырып отыр. Оқу-әдістемелік қызметтің дәстүрлі жүйесінің барлық дерлік компоненттері түбегейлі өзгеріске ұшырады, яғни, оның мақсаттары, педагогикалық қызмет субъектісінің мотивтері, мазмұны, формалары, оқыту тәжірибесіне жаңа тәсілдер енгізуді қамтамасыз ететін әдістері мен шарттары. Басқа қырынан алып қарағанда, тек 10 жылдық тәжірибесі бар әлеуметтік педагогтарды даярлау практикасы, оларды даярлау мазмұнын жобалауды, мектептің тәрбиелік жүйесінің алдында тұрған сындар мен тәуекелдерді, алғашқы көмек көрсететін және тәрбиені әлеуметтендіретін жаңа технологияларды алдын - ала қарастыру, тәжірибемен тығыз қарым-қатынасты есепке алуды талап етеді. Осы себепті, болашақ әлеуметтік педагогтарды оқыту үдерісінің сапасын оқу-әдістемелік қамтамасыз етуді ғылыми-тәжірибелік негіздеудің объективті қажеттілігін туындататын Кожабергенова Г.Е. жұмысы да осы мәселеге бағыттылған.

2. Негізгі теориялық және әдіснамалық жағдайлары. Зерттеу жұмысы барысында диссертантпен зерттелгендер: 1) болашақ әлеуметтік педагогтарды даярлау сапасын оқу-әдістемелік қамтамасыз етуді өзектендіру факторы ретінде университеттік білім берудің инновациялық тенденциялары анықталды; 2) болашақ мамандарды оқыту сапасын оқу-әдістемелік қамтамасыз етудің отандық және шетелдік тәжірибесі талданды; 3) болашақ әлеуметтік педагогтарды оқыту сапасын оқу-әдістемелік қамтамасыз ету мәселесін зерттеудің әдіснамалық тұғырлары негізделді; 4) болашақ әлеуметтік педагогтарды оқыту сапасын оқу-әдістемелік қамтамасыз етудің теориялық негіздерінің мәні ашылды; 5) құрылымдық-мазмұндық модель жасалып, болашақ әлеуметтік педагогтарды оқыту сапасын оқу-әдістемелік қамтамасыз етуді бағалаудың өлшемдер кешені негізделді; 6) болашақ әлеуметтік педагогтарды оқыту сапасын оқу-әдістемелік қамтамасыз ету бойынша тәжірибелік-эксперименттік жұмыс жүргізіле отырып, жоғары оқу орнында оқу-әдістемелік жұмысты оңтайландыруды қамтамасыз ету бойынша ұсыныстар беріліп, жалпы білім беру үдерісінің сапасы арттырылды. Зерттеу жұмысының нәтижелері бойынша теориялық және әдіснамалық қағидалар ретінде ұсынылған, қорғауға жіберілетін қорытындылар жасалды.

3. Ғылыми нәтижелері:

- университеттік білім беру жүйесінде әлеуметтік педагогтарды даярлау үдерісінің инновациялық тенденциялары анықталды;
- болашақ мамандарды оқыту сапасын оқу-әдістемелік қамтамасыз етудің отандық және шетелдік тәжірибесі талданды;
- жүйелік, мәдениеттанулық, тұлғалық-бағдарлық, ақпараттық, квалиметриялық тәсілдер әлеуеті сипатталды және оларды зерттеу пәнінде жобалаудың әдістемелік ұстанымдары анықталды;
- болашақ әлеуметтік педагогтарды оқыту үдерісінің концептуалдық негіздеріне сүйене отырып "оқыту сапасын оқу-әдістемелік қамтамасыз ету" түсінігіне анықтама берілді;
- концептуалды позиция ретінде дидактикалық жобалау және педагогикалық мониторингті ұйымдастыру негізделді, оқытушы қызметінің құрылымындағы студенттің жеке білім қажеттіліктеріне бағытталды;
- болашақ әлеуметтік педагогтарды оқыту сапасын оқу-әдістемелік қамтамасыз етудің құрылымдық-мазмұндық моделі ұсынылды және оқу-әдістемелік қамтамасыз етуді бағалау өлшемдері анықталды.

4. Диссертацияның құрылымдық және мазмұндық тұтастығы.

Диссертация нормативті сілтемелерден, анықтамалардан, мәндер мен ықшамдаулардан, кіріспе, негізгі бөлім (үш тараудан тұрады, әр тарау бөлімдерге бөлінген), қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер тізімі және қосымшалардан тұрады. Диссертациялық жұмыстың мазмұндық тұтастығы бар және мәндік аяқталған. Зерттелуші мәселелер көп санды әдебиеттерге сүйене отырып барынша жеткілікті ашылған. Жұмыста құрылымдық, тақырыптық және стилистік тұтастық сақталған, бұл өз кезегінде ұсынылған материалды толық ашуға мүмкіндік береді

5. Алынған нәтижелерді негіздеуге негізгі тұғырлар.

Алынған нәтижелерді дұрыс негіздеу келесілер бойынша мүмкін болды: - біздің зерттеуімізде университеттік білім жүйесінде әлеуметтік педагогтарды оқыту үдерісін анықтауға зерттеу нысанын дұрыс таңдау; - зерттеу мәселесінде көрінетін, университеттік білім жүйесінде болашақ әлеуметтік педагогтарды оқыту сапасын оқу-әдістемелік қамтамасыз етудің ғылыми негіздерін дайындаумен байланысты, тақырыптың өзектілігін баяндау және дәлелдеу; - болашақ әлеуметтік педагогтарды оқыту үдерісін оқу-әдістемелік қамтамасыз ету сапасы құрайтын, зерттеудің пәнін анықтау; жоғары мектеп дидактикасы бойынша кең ауқымды ғылыми мұраларды талдау, білім және оқу құжаттамаларының мазмұнын жобалау, оқу-әдістемелік қызметті басқару, жоғары оқу орнындағы білім сапасын бақылау және бағалау; - күтілетін тәжірибелік-теориялық мәндер.

6. Зерттелуші мәселеге докторанттың жеке үлесі ретінде

диссертациялық зерттеудің ғылыми мәселесін, нақтырақ айтқанда педагогикалық, ғылыми-әдістемелік әдебиеттер және кәсіби даярлаудың нормативті-құқықтық базасын, әлеуметтік педагогтарды педагогикалық даярлаудың отандық және шетелдік тәжірибесін кешенді зерттеуін, жоғары оқу орнындағы оқу-әдістемелік қамтамасыз етудің шынайы жағдайын

талдауы және жинақтауы, оның білім үдерісінің сапасына ықпалын, педагогикалық тәжірибені қорытындылауда және сауалнама, әңгімелесу, бақылау жұмыстарын жүргізуде, алынған нәтижелерді сапалы талдауын атап өтуге болады. Ұсынылған нұсқада диссертациялық зерттеудің аяқталған ғылыми жұмысы ұсынылған. Автор жеткілікті шамада ғылыми талдау әдістерін меңгерген, іргелі сипаттағы ғылыми ізденістер жүргізуге жеткілікті жоғары деңгейде даярлығы бар.

7. Ғылыми ұстанымның дәлдігі. Диссертация түрлі деңгейдегі, ғылыми семинарларда, педагогика және білім беру менеджменті кафедрасының мәжілісінде талқыланды. Ұсыныстар мен ескертпелер жасалынып, олардың кейбірі диссертанттың қайта өндеу үдерісінде есепке алынды. Диссертацияның негізгі мазмұны халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда баяндалды. Тақырып бойынша 8 мақала жарыққа жарияланды.

Қорғауға ұсынылған диссертациялық жұмысты растайтын ғылыми даярлық деңгейі, Г.Е. Кожабергенованы 6D012300 - Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға лайық деп есептеуге мүмкіндік береді. Жоғарыда баяндалғандарды негізге ала отырып Г.Е. Кожабергенова докторлық диссертациясын әл-Фараби атындағы ҚазҰУ "Білім беру 6D1000" мамандығы бойынша диссертациялық кеңесте қарауды ұсынамын.

Ғылыми кеңесші:

Педагогика ғылымдарының докторы,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университетінің профессоры

Асанов Н.А.

РАСТАЙМЫН
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Ғылыми кеңесшісі
даярлау және аттестаттау басқармасының
ЗАВЕРЯЮ
Начальник управления подготовки и
научных кадров КазНУ им. аль-Фараби
Р.Е. Кудайбергенова

« 30 » 06 2014

